



ӘЛ-ФАРАБИ ат. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ және ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ

ЖАЛПЫ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ЕУРОПА ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ
«ЖЕРҰЙЫҚ» ОНОМАСТИКАЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ КЛУБЫ

Рухани жаңғыру,
Ұлы даланың жеті қыры бағдарламалары мен
әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың 85 жылдығы және
Фараби оқулары аясында өткізіліп отырған
«ОНОМАСТИКА – ҚОҒАМ – УАҚЫТ»
атты жас ғалымдардың
VI Халықаралық ғылыми-танымдық
конференция

МАТЕРИАЛЫ

Алматы, 2019 жылдың 05 сәуірі

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Батыс Қазақстан облысы: Энциклопедиясы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 592 б.
- 2 Молдағалиев Н., Бәкіров Ш. Ақжайық ауданы // Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия: 4 томдық. 2-том / Бас редактор Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы, 1984. – 62 б.
- 3 Гуцалов С.Ю., Сдықов М.Н., Сеницын И.В. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Батыс Қазақстан облысы. – Алматы: Аруна, 2011. – 512 б.

ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жорабаева А.
Советбекова Д.
arailymzh01@mail.ru

СДУ, «Қазақ филологиясы» мамандығының 1-курс студенттері
Қаскелең қаласы / Алматы облысы

Ғылыми жетекші: Ph.D., ассоц. профессор Құрманәлі А.

Аннотация: Антропонимдер халықтардың қазіргі және өткен замандағы тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік және мәдени өмірін айқын көрсетеді. Осыған орай, зерттеу жұмысымызда қазақ фразеологизмдерінде орын алған антропонимдерді тауып, олардың лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау мақсат етілді. Мақалада қазақ фразеологизмдерінің құрамында кездесетін тарихи тұлғалардың есімдері, мифтік бейнелердің есімдері, пірлер мен әулиелердің есімдері, халқымыздың бай ауыз әдебиеті алынған фольклорлық антропонимдер деп бірнеше топқа бөлініп қарастырылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері ономастика четко ғылымын зерттеуге өзіндік үлес қосады деген үміттеміз.

Аннотация: Антропонимы отражают текущую и прошлую жизнь, социальную и культурную жизнь народов. В связи с этим было нацелено найти антропонимы в казахской фразеологии и определить их лингвокультурные особенности. В статье рассматриваются антропонимы исторической личности, имена мифических образ, имена святых людей, фольклорные антропонимы из богатой литературы нашего народа. Надеемся, что результаты исследования внесут вклад в изучение науки о ономастике.

Abstract: Antroponyms clearly reflect the different peoples' current and past life styles, social and cultural life. In this regard, we aim to find anthroponyms in Kazakh phraseological units and to define their linguistic-cultural features in the study. In the article the anthroponyms are divide into several groups such as names of historical personality, mythical images, prophets's names, holy peoples' names. We hope that the results of the research will make an important contribution to study the science of onomastics.

Қазақ тіл білімінде фразеологияның жалпы мәселелері әсіресе соңғы жылдары жан-жақты зерттеліп, елеулі табыстарға қол жеткізіп отыр. Тіл білімінің бұл саласы фразеологизмдердің негізгі заңдылықтарын ашатын, сондай-ақ фразеологизмдердің сан алуан мәселелерін дербес зерттеген көптеген құнды еңбектермен молыға түсуде.

Тіліміздегі фразеологиялық тіркестер лексиканың ең бір негізгі саласы, тіл байлығының көрсеткіші болып табылады. Тұрақты тіркестер өзінің экспрессивті-эмоциялық әсерлігімен көзге түседі. Мақал-мәтелдер де фразеологизмдердің құрамына кіреді.

«Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер бір-бірінен өздерінің мазмұны жағынан да, сыртқы тұлғасы жағынан да сараланып тұрады. Мақал-мәтелдер нақылға, жөн сілтеуге ойысса, фразеологизмдер тек атауыш – бейнелеу мәнде келеді. Осы себепті де мақал-мәтелдер синтаксистік жағынан фразеологизмдерге қарағанда анағұрлым күрделі» [1, 598б.].

Тіл мен мәдениет өзара тығыз байланыстағы бірін-бірі толықтырар бір тұтас жүйе. Сондықтан тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады.

Халықтардың ұлттық мәдени өмірінің көрінісі олардың сөздік құрамының елеулі бөлігін қамтып тұрған фразеологиялық қорынан ерекше көрінеді.

Мәдениет жеке адамның басына тән қасиетпен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтық бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым» [2, 136.].

Кісі есімдері (антропонимдер) – ұлттық ерекшеліктерді айғақтайтын мәдени айна және ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын құнды шежіре болып табылады. Сондай-ақ, антропонимдер халықтардың қазіргі және өткен замандағы тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік және мәдени өмірін айқын көрсетеді. Сондықтан, зерттеу жұмысымызда қазақ фразеологизмдерінде орын алған антропонимдерді тауып, олардың лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау мақсат етілді. Мақалада

казак фразеологизмдерінің құрамында кездесетін тарихи тұлғалардың есімдері, мифтік бейнелердің есімдері, пірлер мен әулиелердің есімдері, халқымыздың бай ауыз әдебиеті алынған фольклорлық антропонимдер деп бірнеше топқа бөлініп қарастырылады:

Тарихи тұлғалардың есімдері: Абылай хан, Қасым хан, Есім хан, Есет батыр, *Майқы би*, Аяз би, Асан қайғы.

Пайғамбарлардың, қасиетті пірлер мен әулиелердің есімдері: Сүлеймен, Мұса, Бибі Фатима, Ұмай ана, Қожа Ахмет Иассауи, Бекет ата, Қорқыт ата, Айша Бибі.

Мифологиялық кейіпкерлердің есімдері: Әзірет Әли, Қыдыр ата.

Фольклорлық кейіпкерлердің есімдері: Қыз Жібек, Баян Сұлу.

Ерекше ұлттық мазмұндық сипаттағы, мәдени ақпараттық мәні басым бұл атаулар тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығында қарастырылады. Халықпен бірге туып, бірге жасасып келе жатқан тілдің бай саласы фразеологизмдер құрамында кездесетін тарихи тұлғалардың есімдері мен мифтік бейнелер мен да ұлт мәдениетін дәйектейді:

Ұлт тарихындағы маңызды оқиғалар тілдің құжаттық, мәдени-танымдық қызметінің негізінде фразеологиялық және паремиологиялық жүйеде тарихи есімдер, пайғамбарларымыздың, қасиетті пірлер мен әулиелердің есімдері, мифтік бейнелер, фольклорлық есімдер т.б. арқылы таңбаланып, халық жадында ұзақ сақталғанын байқауға болады. Мысалы:

1) Тарихи тұлғалардың есімдері:

Абылайдың [Абылайханның] ақ үйі I т і л д і к к о д. Соғыста Абылайдан жеңілген елдің бітім сұрап қол астына кепілдікке жіберген ақ үй аманаты. «

Абылайдың ақ туы» бір тудың астына жиналу, яғни бірлікті, бірігуді» білдіретін символдық ұғымға айналған.

Абылай – Орта жүздің ханы болғанымен, Ұлы жүз бен Кіші жүзге ықпалын жүргізген, бүкіл казак халқын біріктіруге күш салған қайраткер, ақылды дипломат, батыл қолбасшы болған.

Абылайдың асында шаппағанда, Атаңның басына шабасың ба? [3, 150].

Абылай хан дүниеден өткеннен кейін, үш жүздің баласы бас қосып, үлкен ас беріліп, 40 атқа бәйге тігілген. Тарихта ең ұлы ас осы болған, одан кейінгі астарда ешкім де 40 атқа бәйге тігіп көрмеген. Бұл сөздің казак халқына кең тарағаны соншалық, нақыл сөзден мақалға айналып кеткен. Абылайдың атына байланысты тілімізде «Абылайдың ақ туы, «Абылай аспас бар ма асу» деген тұрақты тіркестер де кездеседі.

«Абылай аспас сары бел» – *Абылай аспайтын асу, баспайтын бел, алмайтын қамал, жеңбейтін жсау жоқ дегеннің «кері» мағынадағы метафоралық баламасы. Яғни оның қазақтың даңқты ханы болғандығын білдіретін аллегориялық формула іспеттес ұғым. Фольклорлық дәстүрде хан Абылайдың жорықтарда талай тайғақ асудан төте жол тапқан асау өзеннен көпір салғызып ауыр қол өткізіп, жсауды ту сыртынан тұтқиылдан соғып жеңіске жеткені айтылады. Сонда, «Абылай аспас сары бел» (немесе «Абылай аспас асу») адам баласының құдіреті де, әлеуеті де, мүмкіншілігі де жетпейтін тіршіліктегі нелер бір қиыншылықтың ең жоғарғы шегі бар екендігін айғақтайтын метафора болып шығады [4].*

Есімханның ескі жолы I т і л д і к к о д. Есімханның тұсында жаңартылып ХХ ғасырдың ортасына дейін қолданылған тұрмыстық, азаматтық, қылмыстық істерді қарауда, әскери-отбасылық қарым-қатынастарды реттеуде “ата-баба жолын” басшылыққа алған дәстүрлі казак қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарының жиынтығы.

II м ә д е н и к о д. Есім хан – Еңсегей бойлы ер Есім (туған жылы белгісіз – 1645) – 1598-1645 жылдарда Қазақ хандығының ханы, Шығай сұлтанның ұлы.

Ердің соңы – Есет, пірдің соңы – Бекет.

Есеттің өрлігі мен ерен ерлігіне сүйсінген ел «**Ердің соңы Есет**» деп айтып кеткен. Кіші жүзде екі *Есет* батыр болған. Біріншісі – Еділ, Жайық бойын казактардан, Маңғыстауда Бұхар, Хиуа қалмақтарынан қорғаған *Есет* Көкіұлы. Осы осынау жанкешті батырлығына риза болған Тәуке хан «Айбатың аса түссін, найзаң мұқалмасын, ел намысы тұздығың болсын» деп батасын берген екен. Кіші жүзге ауыз салмақ болған түркімен, қалмақ башқұрт «Есет келді дегенше, әзірейіл келді десейші» деп үрейленіп жөнеледі екен. *Сонымен қатар,*

«Жүректі болсаң, Есеттей бол,

Білекті болсаң, Бекеттей бол» деп Жетпіс бидің де айтқаны ел ішіне кең тараған.

Аяз би, әліңді біл, Құмырсқа жолыңды біл [1, 73].

Аяз би – Жаманұлы данышпан, шешен, ертедегі кейіпкері, атақты Майқы бидің қабырғалы биінің бірі. Бұл мақалдың философиялық мәні қандай да болмасын биікке шыққан адамның, бақдәулетке мастанбай, тура жолдан таймай, таза ақырын жүруге тиіс.

Түгел сөздің түбі бір,

Түп атасы Майқы би.

Майқы би – ел билеген көсем, басынан сөз асырмаған шешен Аңыз бойынша Орманбет би қайтыс болған соң қазақтарды үш жүзге бөлген осы Майқы екен. Жұрт оны «Қарқуардай Майқы» деп,

таңның атысы күннің батысы талмай шырылдайтын құсқа теңеген. «Майқы айтты» деген сөздің көпшілігі халық даналығына айналып кеткен.

70 Пайғамбарлардың, қасиетті пірлер мен әулиелердің есімдері:

Дәуіттің қоржынындай; Сүлейменнің жүзігіндей; Мұсаның асасындай [5, 164]

Дәуіт – өте ұзақ жасаған, ақылы мен күші сай ерекше жаратылған жан деп суреттеледі. Адамның өмірін, мінез-құлқын, табиғатын реттеуші «қасиетті» діни кітаптар осы Дәуіт пайғамбар арқылы жаратылған. Қасиетті кітап Дәуіттің қоржынында сақталғандықтан, халық бір нәрсені кие тұтып, қадірлесе, «Дәуіттің қоржынындай» деп атап кеткен.

Сүлеймен патша – Дәуіттің ұлы, мейірімді, данышпан патша болған, желдің бағытын, құстардың тілін білген. Алланың әмірімен оған жындар қызмететіп, су астынан асыл тастар жинаған. Су патшасы Сүлейменнің алты қырлы, жұлдыз пішіндес «қолынан келмейтіні жоқ» сиқырлы жүзігі болыпты. Шайтан Сақыр жүзікті алып қойып, Сүлеймен сиқырынан ада болады. *Мұса пайғамбар* – Құранда айтылатын Алланың елшісі, «Бес кітіпті» жазған. Мұсаның таңғажайып асасы болған, соның құдыретімен 12 бұлақтың көзін ашып, шөл даланы суға толтырған. *«Мұсаның асасындай»* деген тіркес киюмен келмей, орындалмай тұрған істің киюласып, тез бітіп кетуіне байланысты туған.

Бұл атауларға осы саладағы зерттеушілердің лингво-мәдени және тарихи деректерге негізделген еңбектеріне сүйеніп отырып, мынандай қорытынды жасауға болады: Діни ұғымдара үш зат кереметке ие болған.

Ұмайға табынса, ұлды болар.

Түркі жұртында *Ұмай* – жер ана нәрестелердің қамқоршысы, шаңырақтың, ошақтың киесі қолданушысы деген түсінік бар. Сондықтан бала көтермеген әйелдер *Ұмай* анаға жалбарынып, бала сұраған. Көне ескерткіштерде «Ұмай текті шешем қатып құтына, інім Күлтегіннің ер атағы шықты» деген сөйлем кездеседі. Сәбиді шомылдырып, сылау кезінде «менің қолым емес, Ұмай ананың қолы» деп кие тұтып, табынған.

Қорқыт ата, Асан қайғы, Алдар көсебәрі де қарапайым адамдар ретінде суреттеледі. Ал осы аңыз әңгімелеріміз *«Қорқыттың қобызындай»* немесе *«Қайда барсаң Қорқыттың көрі»* деген сияқты тұрақты тіркестердің қалыптасуына негіз болады. Нұқ пайғамбардың кемесі туралы да осыны айтуға болады.

Қайда барсаң да, Қорқыттың көрі (т і л д і к к о д.) Қайда барсаң да, құтылмас бір бәле (сары уайымға түсіп, қиындықты төндірген кісі туралы айтылады).

Қорқыт VIII ғасырда жасаған мәшһүр ақын, күйші, ойшыл, данышпан адам болған.

(м ә д е н и к о д.) Қорқыт – ел аузына таралған аңыздар бойынша өлмейтін, мәңгі жасайтын өмір іздеуші. Ол «Өлмейтін нәрсе жоқ деген» қорытынды жасап, өмірінің кейінгі кезін қобыз үнінен іздейді [7].

Қазақ аңыздары бойынша, *Қорқыт ата* өзінің желмаясына мініп алып, халыққа мәңгілік бақыт әкелетін Жерұйықты іздеген. Ол өте маңызды философиялық мәселе – өлім мен өмірдің мағынасы туралы, шектілікті жеңіп шығудың жолдары жөнінде талай тамаша пікірлер айтады [8, 254].

Бұл мақал Қорқыт бабамыздың мәңгі жасауды армандап, ажалдан қашып, дүниенің төрт бұрышын кезген көрінеді. Өлімен қалай қашса да, алдынан қазулы ор шыға берген. Қайда барса да «Қорқытқа қазылып жатқан көр» деген сөзді естіген. Осыдан «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген нақыл сөз шыққан [9, 175].

Тіл арқылы мәдениетті тану мәселесіне қатысты профессор Г.Мәдиева бұлатаулардың мәнін төмендегідей бағалайды: «К ядерным элементам национальной когнитивной базы относятся прецедентные имена, которым принадлежит одна из ведущих ролей в накоплении и передаче культурной информации, понимании определенной ситуации и целого комплекса ассоциации, которые возникают при актуализации прецедентного имени в речи» [10, 122].

Сөзімізді түйіндейтін болсақ, антропонимдер бойында жеке сөздер тарихы ғана емес, халық тарихы, халық этнографиясының қат-қабат іздері, ұлттық мәдениет жатыр. Сондықтан осы шағын зерттеу жұмысымызда халқымыздың антропонимдер жүйесін тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма шеңберінде лингвомәдени тұрғыдан анықтауға талпыныс жасалды. Зерттеу барысында фразеологизмдердің құрамында, оның ішінде мақал-мәтелдерде антропонимдердің көптеп кездесетінін байқадық, содай-ақ, антропонимдердің – өткен мен болашағымызды байланыстыратын тарихи, мәдени және рухани-элеуметтік құбылыс екені айқындалды. Сондай-ақ, қазақ антропонимдерінің мазмұндық негізін фразеологиялық, тарихи, мифологиялық және фольклорлық жүйеде дәйектелді.

Әдебиеттер:

1 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.

2 Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.

3 Әуезов М. Тарихи өлеңдер // Абылай хан. – Алматы, 1993.

4 <https://el.kz/>

5 Қожахметова Қ. Жайсақова Р. & Қожахметова Ш. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік. – Алматы: Мектеп, 1988.

6 <https://stud.kz/referat/show/5831>

7 Уәли Н., Малбақов М., Фазылжанова А. Лингвомәдени сөздік. – Алматы, 2014.

8 Бес ғасыр жырлайды. №1 т. Алматы: Жазушы, 1984.

9 Ыбраев Ш. Қорқыт және шаманизм //Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.

10 Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.